Бекітемін [signature]
№ 61«Шолпан» балабақша
меңгерушісі З.Махашева
«__»______ 2021

**2021-2022 оқу жылына арналған №61 «Шолпан» балабақшаның**
**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шаралар**
**ЖОСПАРЫ**

**Мақсаты:** Балабақшада сыбайлас жемқорлықтың алдын алу ұйымдық-құқықтық кеңестерді құру және пайдалану.

**Міндеттер:**

* Балабақшаның әкімшілігінің іс-әрекетінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеу;
* МДҰ-да сыбайлас жемқорлықтың ықтимал фактілері туралы ақпаратқа қол жеткізу үшін балалар мен ата-аналардың құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу.

**1.Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру**

| **р/с** | **Іс-шараларатауы** | **Өткізу мерзімі** | **Жауапты** | **Өткізу түрі** |
|---|---|---|---|---|
| 1.1 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманы орындау мәселелерін жыл сайын қарау | | Директор<br>Әдіскер<br>Кәсіподақ төрағасы<br>шаруашылық менгеруші | Еңбек ұжымының жалпы қорытынды жиналысы |
| 1.2 | Балабақша қызметі саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын құру | | Балабақша менгерушісі<br>Әдіскер<br>Кәсіподақ төрағасы<br>шаруашылық менгеруші | Менгеруші жанындағы кеңес |
| **2.Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында әкімшілік қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар** | | | | |
| 2.1 | Жыл сайынғы сыбайлас жемқорлыққа және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жағдай туғызатын себептер мен жағдайларды талдау | қаңтар | Балабақша менгерушісі<br>Әдіскер<br>шаруашылық менгеруші | Еңбек ұжымының жалпы қорытынды жиналысы |
| 2.2 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру бойынша ақпараттық материалдарды дайындау және Интернет желісіндегі ресми сайтта орналастыру, балабақшаның ресми сайтында парақшаны жүргізу. | жыл бойы | Меңгеруші,әдіскер | |
| **3.Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында педагогтармен жүргізілетін іс шаралар** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ата-аналарға тарату ақпаратын дайындау | наурыз | Шығармашылық топ<br>. | Ата-аналарға арналған жадынамалар: «Сыбайлас жемқорлықты ң қағидаларын білу маңызды!» |
| 3.2 | Әлем халықтарының ертегілері бойынша «Мен және менің құқықтарым» суреттер көрмесін ұйымдастыру. | сәуір | Ересектер тобы тәрбиешілері | Суреттер көрмесі |
| 3.3 | Тәрбиеленушілерді адалдыққа тәрбиелеу мақсатында театрларды және рөлдік ойындарды ұйымдастыру. | мамыр | Ересектер және ортаңғы топ тәрбиешілері | Балалардың ойын қызметі |
| 3.4 | Азаматтарды мекеме әкімшілігімен жеке қабылдауларды белгілеу | Сейсенбі 15.00-17.30,<br>Бейсенбі 09.00-11.30 | хатшы | |
| | **4. Ата – аналармен өткізілетін іс-шаралар** | | | |
| 4.1 | Заңды өкілдерді балабақша қабылдау ережелері туралы хабардар ету,құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыру. | үнемі | Балабақша менгерушісі Хатшы-іс жүргізуші | Сұрау бойынша кеңестер |
| 4.2 | Балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен көрсетілетін қызметтік жұмыс сапасын анықтау . | март | Балабақша менгерушісі<br>Педагог – психолог Әдіскер | Дөңгелек үстел |
| 4.3 | Сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау бойынша азаматтарға арналған «Жедел желі» телефонын, «Сенім поштасы» жәшігін ұйымдастыру | үнемі | меңгеруші<br>әдіскер<br>кәсіподақ төрағасы<br>шаруашылық менгеруші | |

Н

Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің №61"Шолпан "балабақшасы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

## АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

№61 "Шолпан" МКҚК мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жұмыс тобының құрамында: әдіскер М.И.Мирманова ,
бухгалтер Д.А. Ташматов, іс жүргізуші А. Шаймерденова 2022 жылғы қаңтар –маусым кезеңінде №61 "Шолпан"МКҚК (бұдан әрі-кәсіпорын) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Ішкі талдау Қазақстан Республикасының 18.11.2015 ж. "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" № 410-V ҚРЗ Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 19.10.2016 жылғы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына сәйкес, "Шолпан" МКҚК меңгерушінің 25.01.2021 №1 бұйрығы негізінде жүргізілді.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және Кәсіпорынның Жарғысын басшылыққа алды.

## I. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

1. Кәсіпорынның (немесе мекеменің) құрылымы мыналардан тұрады :
1) Әкімшілік;
2) Кадрлық жұмыс және іс жүргізу;
3) қаржылық бөлігі (бухгалтерия, мемлекеттік сатып алу);
4) Оқу-тәрбие бөлімі және цифрландыру;
5) техникалық-шаруашылық бөлімі.

2.Кәсіпорын қызметін талдау барысында нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық актілер нормаларының сәйкессіздігі жоқ.

## II. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

**1.Қызметкерлерді басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.**

Кәсіпорынның штат кестесі "Нұр-сұлтан қаласының білім басқармасы" ММ басшысымен 2022 жылғы "01" қаңтарда бекітілген. Талдау жүргізу сәтінде кәсіпорын қызметкерлерінің нақты саны 51 адамды құрайды, бос жұмыс орны 12 (бос жұмыс орны бойынша "Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" КММ "Нұр-сұлтан қаласының жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау Басқармасы" ММ өтінім берілді және кейіннен кәсіпорын басшысымен әңгімелесу жүргізіледі).

Талданып отырған кезеңде жұмыстан 16 қызметкер(-лер) өз еркімен ҚР Еңбек кодексі 56-бап 1-т.бойынша босатылды..

"Командалық орын ауыстырулар" анықталған жоқ.

2022 жылдың қаңтар-маусым айларында 18 қызметкерлер қабылданды. ("Нұр-сұлтан қаласының халықты жұмыспен қамту орталығы" КММ арқылы– 5 бірлік.)

2. Мүдделер қақтығысы,ішкі талдау барысында балабақша қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ.

**3.Мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі функциялар**:

1.Мемлекеттік қызмет бойынша мектепке дейінгі білім беруде мемлекеттік қызмет бойынша артық құжаттар анықталған жоқ.

**4. Кәсіпорынға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері**

Кәсіпорындағы азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 13 қаңтардағы №221 "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Заңына сәйкес жүргізіледі.

Бөлімдердегі осы бағыттар бойынша жұмыстардың жай-күйіне, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы карауды қамтамасыз етуге талдау жүргізілді, өтініштерді белгіленген мерзімдерді бұза отырып қарауға жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда.

2022 жылдың қаңтар-маусым айларында азаматтардың ауызша және жазбаша өтініштері болған жоқ.

**5. Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар:**

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа карсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде кәсіпорын тоқсан сайын қызметкерлер мен тәрбиеленушілер үшін дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізілді

1. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»-дөңгелек стол.
2. «Ата-аналардан балабақша жөндеу жұмыстарына,ата-аналардан сыйлықтар алуға тыйым»-атты отырыс, тоқсан сайын өткізілді,барлық қызметкерлер отырыс шешіміне қолдарын қойды.
3. Балабақшада сыбайлас жемқорлыққа карсы бұрыш-баннер ілінді. (Тоқсан сайын толықтырылып отырылады.)
4. Сыбайлас жемқорлыққа карсы кеңестер өткізілді.

**6. Мемлекеттік сатып алулар**

Кәсіпорынның интернет-ресурсында оның сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл жөніндегі қызметі туралы арнайы бөлімдердің жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. Білім беру ұйымының бюджеті жыл сайын білім беру ұйымының сайтында жаңартылып отырды.

Мемлекеттік сатып алу саласында барлық шарттар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын сақтай отырып, веб-портал арқылы жасалды. Қазіргі уақытта барлығы 77 шарт жасалды.

**7. Қорытынды**

Талданып отырған кезеңде қызметкерлердің лауазымдық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

Жұмыс тобы:
Әдіскер: М.И. Мирманова ____________
есепші :Д.А.Ташматова ____________
іс жүргізуші : А. Шаймерденова ____________

Меңгерушісі____________ Махашева З.